

Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Азқамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына өзгерістер енгізу туралы.

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 10 тамыздағы N 213/7 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 20 тамызда N 3093 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 236/18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2009.12.25 N 236/18 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 17-тармақшасына, қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 2 сәуірдегі N 150 бұйрығымен бекітілген қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережелеріне сәйкес , жоғары оқу орындарында оқып жүрген аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан, жетім-студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2004 жылғы 14 маусымдағы "Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау туралы" N 169/5 қаулысына (2004 жылғы 18 маусымда Павлодар облысының әділет басқармасының тізілімінде N 2621 нөмірмен тіркелген, 2004 жылғы 6 шілдедегі N 78 "Звезда Прииртышья" газетінде, 2004 жылғы 8 шілдедегі N 80 "Сарыарқа самалы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-тармағындағы "50" деген сандар "60" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Аз қамтамасыз етілген отбасыларындағы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне облыстың жоғары оқу орындарындағы оқуына ақы төлеу үшін әлеуметтік көмек тағайындау қағидасында:

3-тармақтағы "50" деген сандар "60" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК